КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 5 қараша №5265-24-00-2/3513 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты С.Сейтжанұлының төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР**:
жеке кәсіпкер Урисбаев Нурболат Нурмаханович

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. келісім шартты бұзу

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы «Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Урисбаев Нурболат Нурмаханович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Урисбаев Нурболат Нурмаханович пен талап қоюшы «Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің арасындағы 2024 жылғы 5 ақпандағы №180940010619/240033/00 санды келісім шарты бұзылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Жеке кәсіпкер Урисбаев Нурболат Нурмахановичтен мемлекеттің пайдасына 3 692 (үш мың алты жүз тоқсан екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **С.Сейтжанұлы**

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 05.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2024, судья Сейтжанұлы С., 19.12.2024

5265-24-3-1/3773